

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ жанындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі «Ауыл шаруашылығы және
биоресурстар», «Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік
бірлестігі – Жобаларды басқару тобы мәжілісінің
№ 1 хаттамасы**

Алматы қ. офлайн /онлайн режимде

17 қараша 2023жыл

ШЕШІМДЕРІ

1. РОӘК ОӘБ жаңарған құрамын бекіту
Кайырбаева А.Е., РОӘК-ОӘБ төрағасының орынбасары, «ҚазҰАЗУ» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректордың орынбасары

1. ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- 1.1 А.Кайырбаеваның баяндамасы назарға алынсын.
- 1.2 2023-2024 оқу жылына ОӘБ негізгі құрамы бекітілсін.
- 1.3 Жұмыс берушілердің саны ПОҚ теңестірілсін.
- 1.4 Негізгі құрамның саны бойынша немесе құрамына өзгертулер енгізу ұсыныс хат негізінде жүргізілсін.

2. РОӘК ОӘБ 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту
Кенжебекова Ж.Ж., РОӘК-ОӘБ хатшысы

2. ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- 2.1. Ж.Кенжебекованың баяндамасы назарға алынсын.
- 2.2. 2023-2024 оқу жылына ОӘБ жұмыс жоспары бекітілсін.
- 2.3. Жоспарға өзгертулер енгізу ұсыныс хат негізінде жүргізілсін

3. «Республикалық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің және оқу-әдістемелік бірлестіктердің кадрлар даярлау саласындағы қызметі туралы ереже» жобасын талқылап, ұсыныс беру
Кайырбаева А.Е., РОӘК-ОӘБ төрағасының орынбасары, «ҚазҰАЗУ» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректордың орынбасары

3. ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- 3.1. А.Кайырбаеваның баяндамасы назарға алынсын.
- 3.2. Төменде көрсетілген ұсыныстар қабылдануға ұсынылсын:
 - 15 – ОӘБ құрамы тармағы бойынша: жетекші жоғары оқу орнынан 3-5 үміткерден, басқа ЖОО 1-2 үміткерден ұсынылса және жұмыс берушілердің саны жалпы құрамның 50% құраса;
 - 26 - ОӘБ құқығы бар тармағына: ОӘБ құрамына кіретін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының іске асыруы үшін міндетті ететін білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру және біріздендіру жөніндегі ОӘБ хаттамалық шешімдерін қабылдауын талап етуге құқылы деп қосылса.

4. Әртүрлі сұрақтар:

4.1. «Су ресурстары және суды пайдалану» кадрларды даярлау бағыты бойынша бакалавриатқа қабылдаудың бейіндік пәнін өзгеру туралы

Кайырбаева А.Е., РОӘК-ОӘБ төрағасының орынбасары, «ҚазҰАЗУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректордың орынбасары

4.1 ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

4.1.1. А.Кайырбаеваның баяндамасы назарға алынсын.

4.1.2. ЖОО жазбаша ұсыныстарын жолдасын.

4.1.3. Шешім ұсынылған ұсыныс негізінде қабылдансын.

4.2. ЖОО білім беру бағдардамасындағы бейіндеуші пәндердің үлесі туралы сұрағы

Абилдаев Е.С., «Өсімдік шаруашылығы» секциясының үйлестірушісі; Агробиология факультетінің деканы;

Адылканова Ш.Р., Мал шаруашылығы секциясының үйлестірушісі; Зоотехния кафедрасының меңгерушісі;

Сарсекова Д.Н., «Орман шаруашылығы және балық шаруашылығы» секцияларының үйлестірушісі, «Су, жер және орман ресурстары» факультеті деканы м.а.; .

Жумагулов Ж.Б., «Агроинженерия» секциясының меңгерушісі, «Аграрлық техника және механикалық инженерия» кафедрасының меңгерушісі;

Махашов Е.Ш., «Ветеринария» секциясының меңгерушісі, «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының профессоры.

4.2 ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

4.2.1. Секция жетекшілерінің ақпараттары назарға алынсын.

4.3. Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу басылымдарын баспаға ұсыну

Кенжебекова Ж.Ж., РОӘК-ОӘБ хатшысы

4.3 ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

4.3.1. «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық - техникалық университеті» КеАҚ «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебінің аға оқытушысы Л.Қалиева және доцент Д.Төлегенованың авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Гербология» оқу құралы **баспадан шығаруға ұсынылсын.**

4.3.2. «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық - техникалық университеті» КеАҚ аға оқытушылары А.Бейсенғалиева және К.Дюсегалиеваның авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Биологиялық физика» оқу құралы гриф тағайындау арқылы **баспадан шығаруға ұсынылсын.**

Оқу-әдістемелік бірлестік хатшысы



Ж. Кенжебекова

ОӘБ-ЖБТ төраға орынбасары
Басқарма Төрағасы-Ректордың
орынбасары



А. Қайырбаева